

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді атtestаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 29 ақпанды № 13317 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 07.04.2020 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес", **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 12.11.2021 № 561 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Педагогтерді атtestаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.11.2021 № 561 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді атtestаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды атtestаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2013 жылғы 7 тамыздағы № 323 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8678 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 220 (28159) санында жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Әкімшілік департаменті (А.М. Қайырбекова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым Министрі

A. Сәрінжіпов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
2016 жылғы 27 қантардағы
№ 83 бұйрығымен
бекітілген

Педагогтерді атtestаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 № 533 бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогтерді атtestаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына, "Педагог мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы зан) сәйкес әзірленді, педагогтерді атtestаттау және педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растай) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) аттестатталуши – осы Қағидаларға сәйкес аттестаттаудан өтетін және біліктілік санатын алуға (растаяға) үміткер адам;
- 2) аттестаттау – осы Қағидаларға сәйкес педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша біліктілік санаттары беріледі (расталады);
- 3) аттестаттау комиссиясы – педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін уәкілетті алқалы орган (бұдан әрі – Комиссия);
- 4) аттестаттау кезең – күнтізбелік жылдағы (қантар-мамыр, тамыз-желтоқсан) уақыт аралығы, оның барысында аттестатталуши біліктілік бағалаудан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді, осы Қағидаларға сәйкес Педагогтің білімін бағалауды тапсыруға өтініш береді;
- 5) апелляция – осы Қағидаларға сәйкес педагогтің сұранысы бойынша ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі;
- 6) апелляцияларды қарау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – апелляциялық комиссия) - педагогтердің білімін бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайтын білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия;
- 7) біліктілік санаты – "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 338 бұйрық) бекітілген біліктілік талаптарына немесе кәсіптік стандартқа ("Педагог" кәсіби стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы) (бұдан әрі кәсіптік стандарт) сәйкес келетін педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;
- 8) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – аттестатталуши жетістіктерінің біліктілік талаптарының деңгейіне сәйкестігін бағалау рәсімі;
- 9) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен немесе өтініш жасамай жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;
- 10) мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі – мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктеріне сәйкес өзге де мәліметтер;

11) педагог – тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сұйемелдеу немесе білім беру қызметін үйимдастыру жөніндегі кәсіби қызметін жүзеге асыратын тұлға;

12) педагогтердің білімін бағалау (бұдан әрі – ПББ) – осы Қағидаларға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

13) педагогтің цифрлық профилі – Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі – ҰББДК) ақпараттық жүйесіне жүктелген педагогтің электронды деректері.

3. Педагогтерді аттестаттау "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бес жылда бір ретten сиретпей өткізіледі.

Білім беру үйимдарының басшылары:

атқаратын лауазымына сәйкестігін раставу үшін Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда біліктілік санатын көтеру үшін мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтеді.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарының басшыларын аттестаттау облыстың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі, білім беру саласындағы уәкілетті орган деңгейінде жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, сондай-ақ қосымша білім беру үйимдарының басшыларын оларға қатысты білім бөлімдері мемлекеттік басқару органды болып табылатын ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімдері аттестаттаудан өткізеді.

Білім беру үйимдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өтеді.

4. Білім беру саласының уәкілетті органдарында, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының, облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында, білім беру үйимдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) педагогтерді аттестаттау үшін осы мемлекеттік органдардың бірінші басшысының бүйрығымен мынадай біліктілік санаттары үшін комиссиялар құрылады:

білім беру үйимдарында:

"педагог-тағылымдамашы", "педагог";

аудандық, облыстық маңызы бар қалалық білім бөлімінің органдарында:

"педагог-модератор" (педагогтер мен әдіскерлер үшін);

"үшінші біліктілік санатты басшы орынбасары", "екінші біліктілік санатты басшы орынбасары" (басшы орынбасарлары үшін);

"басшы-ұйымдастыруышы" (басшылар үшін);

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беру басқармаларында, білім беру саласындағы уәкілетті органдарда;

"педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" (педагогтер мен әдіскерлер үшін);

"педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогтер мен әдіскерлер үшін);

"педагог-шебер" (әдіскерлер үшін);

"бірінші біліктілік санатты басшы орынбасары" (басшы орынбасарлары үшін);

"басшы-менеджер"; "басшы-көшбасшы" (басшылар үшін);

білім беру саласындағы уәкілетті органның жаңында:

"педагог-шебер" (педагогтер үшін);

"педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" (тиісті саланың уәкілетті органының бағынысты білім беру ұйымдары үшін).

5. Педагогтерді аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына кемінде 10 жыл жұмыс өтілі, "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтер, оқу-әдіstemелік кабинеттердің (орталықтардың), біліктілікті арттыру ұйымдарының әдіскерлері, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары кіреді.

6. Білім беру ұйымдарының (әдіstemелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшыларының орынбасарларын аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың, оның ішінде жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның өкілдері, үкіметтік емес ұйымдардың, білім беру ұйымдарын алқалы басқару органдарының, қоғамдық кенестердің өкілдері, сондай-ақ аттестаттаушы органның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері кіреді.

7. Комиссия мүшелердің тақ санынан және кемінде жеті мүшеден тұрады. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады.

8. Комиссия тәрағасы мен тәрағаның орынбасары Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады.

9. Салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдарының педагогтерін аттестаттауды білім басқармасы жаңындағы Комиссия, тиісті саланың республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдары – білім беру саласының уәкілетті органдарда жүзеге асырады.

10. Конкурстық комиссияның хатшысы Комиссия отырысына материалдарды, қажетті құжаттарды дайындайды, хаттаманы рәсімдейді және оған қол қояды, оның мүшесі болып табылмайды.

11. Комиссияның отырысы, егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

12. Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

13. Комиссия отырыстарында аудио- немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио бейнежазба аттестаттау рәсімін өткізген мемлекеттік органда кемінде үш жыл сақталады.

14. Тиісті деңгейдегі Комиссия аттестатталуышының құжаттарын жылына екі рет (тиісінше ағымдағы жылғы 5 мамырға және 5 қарашаға дейін) немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде қарайды.

2-тaraу. Аттестаттауды өткізу тәртібі

15. Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

педагогтер үшін:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

3) ПББ және эссе жазу (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер бойынша оқытушыларын қоспағанда);

әдістемелік кабинеттің (орталық) әдіскерлері үшін:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

білім беру үйымдары басшысының орынбасарлары, әдістемелік кабинет (орталық) басшы орынбасарларының "үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатындағы басшының орынбасары" біліктілік санаты үшін:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

білім беру үйымдары басшысының орынбасарлары, әдістемелік кабинет (орталық) басшы орынбасарлары мен әдіскерлерінің "бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары" біліктілік санаты үшін:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

3) аттестаттау комиссиясының отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу;

білім беру үйімі мен әдістемелік кабинет (орталық) басшылары үшін:

кезекті аттестаттау:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) аттестаттау кезеңіндегі талдамалық жинақтау қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуының динамикасы;

3) ПББ және эссе жазу;

4) аттестация Комиссиясының отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу;

мерзімінен бұрын біліктілік санатын беру:

1) біліктілік бағалау (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады);

2) осы Қағидаларға сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық қорыту;

3) Комиссия отырысында қызмет нәтижелерін көрсете отырып сұхбат жүргізу.

Ескертпе: білім беру саласындағы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің әдістемелік кабинетінің (орталығы) басшылары / басшыларының орынбасарлары әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері ретінде аттестаттау рәсімінен өтеді.

1-параграф. Біліктілік бағалауын өткізу тәртібі

16. Педагогтердің біліктілігін бағалауды білім беру үйімдары жүргізеді және құжаттардың осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – негізгі талаптар тізбесі) белгіленген құжаттар тізбесіне сәйкестігін қарауды қамтиды.

17. Аттестатталатын педагогтердің құжаттары ақпараттық жүйеде толтырылады (ақпараттық жүйе болмаған жағдайда электрондық немесе қағаз форматында беріледі), оның нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 1-параграфында жазылған талаптарға сәйкес осы Қағидалардың 2, 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес құжаттарды қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама немесе қолхат беріледі.

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

18. Педагогтің өтініші негізінде (қолданыстағы санат мерзімі өткенге дейін) және біліктілік бағалауынан кейін (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдалану кезінде алынып тасталады) одан әрі аттестаттау рәсімі жүргізіледі:

педагогтер үшін – осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау;

білім беру үйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшыларының орынбасарлары, (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін – осы Қағидалардың 4-тaraуына сәйкес.

19. Педагогтерді атtestatтау жөніндегі мемлекеттік көрсетіletіn қызметті alu үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетіletіn қызметті alushy) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

Ақпараттық жүйе бойынша Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдеріне, білім беру үйымдарына;

немесе "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;

немесе egov.kz. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) өтініштер ұсынады.

Өтініш № 338 бұйрыққа немесе кәсіптік стандартқа сәйкес жалпы педагогикалық өтілі ескеріле отырып, санатқа өту мерзімі мен реттілігін сақтай отырып беріледі.

20. "Педагогтерді атtestatтаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетіletіn қызметін (бұдан әрі – мемлекеттіk қызмет) Министрлік, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, білім беру үйымдары көрсетеді.

21. Мемлекеттіk қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттіk қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттіk қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

22. Көрсетіletіn қызметті alushyның жеке басын куәландаратын құжаттардың мәліметтерін Мемлекеттіk корпорация қызметкери "Электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттіk ақпараттық жүйелерден алады.

23. Көрсетіletіn қызметті alushy негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынбаған кезде Министрліктің, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармасының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бөлімінің, білім беру үйимының жаупты қызметкери немесе Мемлекеттіk корпорацияның қызметкери осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді немесе портал арқылы жолдайды.

Жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйе кезінде атtestatтаудан өтуге өтінішті қабылдау кезінде осы Қағидалардың 1-параграфында жазылған талаптарға сәйкес осы Қағидалардың 4-қосымшаларына сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама беріледі.

24. Құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі, Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар толық ұсынылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайын құжаттардың берілген күнін көрсете отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі немесе портал арқылы жолданады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне немесе ақпараттық жүйе арқылы дайын құжаттардың беру күнін көрсете отырып, осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама келіп туседі.

25. Қалыптастырылған өтініштер (құжаттар топтамасымен бірге) Мемлекеттік корпорация немесе ақпараттық жүйе арқылы немесе портал арқылы Министрлікке, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Білім басқармаларына, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдеріне жіберіледі.

26. Мемлекеттік қызметті ақпараттық жүйе, Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы көрсете кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметтер көрсете мерзіміне кірмейді.

27. Министрлік, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Білім басқармалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, білім беру үйімдары арқылы құжаттарды қабылдау кезінде ұсынылған құжаттардың толықтығы және көрсетілген қызметті алушының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тексеріледі, қорытындысы бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту беріледі.

28. Кеңсе арқылы жүгінген жағдайда 23-тармақта көрсетілген іс-әрекеттер құжаттар келіп түскен күні және Министрлікте, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Білім басқармаларында, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінде, білім беру үйімдарында тіркелген күні жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік қызмет көрсете нәтижесін Министрлік, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Білім басқармалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, білім беру үйімдары тарапынан Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жеткізеді.

30. Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда дайын құжаттарды беру Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледін, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін жеке басты куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжат, не оның өкілін көрсеткен кезде жүзеге асырылады

31. Министрлік, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Білім басқармалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, білім беру үйіндегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсете сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсете мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуі қамтамасыз етеді.

32. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері туралы шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсете сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды тұлғаның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалады.

Көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды тұлғаның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды тұлғаның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскенде, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарға толық жауап беретін шешім немесе басқа әкімшілік шара қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуга жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсете сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

3-тарау. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растай) тәртібі

33. Біліктілік санаттарын берудің (растайдың) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестігі рәсімін жүргізу үшін әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша жеке Сараптама кеңесі (бұдан әрі – Сараптама кеңесі) құрылады:

"педагог-модератор" біліктілік санатына – құрамында әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кемінде 10 жыл енбек өтілі, "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар

педагогтері, біліктілікті арттыру үйымдарының, қамқоршылық кеңестердің, білім беру саласындағы қоғамдық, үкіметтік емес үйымдардың, жұмыс берушілердің өкілдері бар ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейінде, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, білім беру саласының тиісті органының (республикалық ведомствоның бағынысты үйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру үйымдары үшін) деңгейінде үйымдастырылатын Сараптама кеңесі.

Сараптама кеңесінің құрамы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасы органы басшысының, білім беру саласының уәкілетті органының (республикалық ведомствоның бағынысты үйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру үйымдары үшін) бұйрығымен бекітіледі.

"педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына – құрамында әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру үйымдарының кемінде 10 жыл еңбек өтілі, "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтері, біліктілікті арттыру үйымдарының, қамқоршылық кеңестердің, қоғамдық, үкіметтік емес үйымдардың, жұмыс берушілердің өкілдері бар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, білім беру саласының уәкілетті органы (республикалық білім беру үйымдары мен мемлекеттік органдардың үйымдары үшін) деңгейінде үйымдастырылатын Сараптама кеңесі. Сараптама кеңесінің құрамы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Білім басқармасы, білім беру саласының уәкілетті органы басшысының (республикалық ведомствоның бағынысты үйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру үйымдары үшін) бұйрығымен бекітіледі.

"педагог-шебер" біліктілік санатына – құрамында КР Оқу-ағарту министрлігінің ведомствоның бағынысты үйымдарының мамандары мен әдіскерлері, тиісті саланың уәкілетті органдарының өкілдері, республиканың білім беру үйымдарының кемінде 10 жыл еңбек өтілі, "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтері, біліктілікті арттыру үйымдарының, қамқоршылық кеңестерінің, қоғамдық, үкіметтік емес үйымдардың, жұмыс берушілердің өкілдері бар, ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанынан үйымдастырылатын Сараптама кеңесі. Сараптама кеңесінің құрамы білім беру саласының уәкілетті органы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

34. Комиссия қызметтің нәтижелерін кешенді талдамалық қорытындылау үшін ұсынылған материалдарды осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беруге (растастаға) педагогтің портфолиосын қабылдау-табыстау

актісі бойынша жылына екі рет (тиісінше ағымдағы жылдың 5 мамырына және 5 қарашасына дейін) немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде Сараптама кеңесінің қарауына жібереді.

Педагогтің цифрлық профилі бағалау парактарын және сараптамалық қорытындыны жүктей отырып, жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйеде қаралады. Бұл жағдайда портфолионы қабылдау-тапсыру актісі бойынша құжаттарды беру талап етілмейді.

35. Сараптама кеңесінің құрамына сараптама кеңесінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Сараптама кеңесі мүшелері тақ саннан, бірақ кемінде жеті адамнан тұрады. Төраға Сараптама кеңесінің мүшелерінен сайланады.

36. Сараптама кеңесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сабактарды/оқуларды бақылау парактарын және педагогтердің, басшының орынбасарларының, басшының, әдіскерлердің, ата-аналардың пікірлерін ескере отырып, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беруге (растастаға) арналған педагогтердің портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес біліктілік санаттарын беруге (растастаға) педагогтердің портфолиосын қарайды және бағалайды.

37. Сараптама кеңесі аттестатталушының қашықтықтан немесе күндізгі форматта қатысуымен әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша портфолионы жеке қарайды және бағалайды. Аттестатталушының қатысуымен портфолионы қарау 30 минуттан аспайды. Бұл ретте аудио немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио бейнежазба аттестаттау өткізген үйымның архивінде кемінде бір жыл сақталады.

38. Сараптама кеңесі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беру (растастаға) үшін педагогтердің портфолиосын бағалау парактарын және осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде (осы жылдың 5 маусымына және 5 желтоқсанына дейін) немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде Комиссияға немесе әрбір педагогтің цифрлық профиліндегі ақпараттық жүйеге әрбір педагог бойынша өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестік/сәйкесіздік туралы, бір деңгейге төмен сәйкестік туралы қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудың қорытындылары бойынша ұсынымдар жібереді.

Портфолио талаптарға сәйкес келмеген жағдайда педагог келесі кезеңге – ПББ өтпейді.

1-параграф. Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі

39. Біліктілік санатын кезекті беруге:

"педагог-тағылымдамашы" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курсарынан өткен, педагогикалық қызметке алғаш рет кірісken,

сондай-ақ, білім беру үйымдарында педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына орналасуға конкурс жарияланғанға дейін соңғы бес жыл ішінде педагогикалық (оқытушылық) қызметті жүзеге асырмаған, Үлттық біліктілік тестілеуінен табысты өткен тұлғалар.

"Педагог-тағылымдамашы" біліктілік санаты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 142192 болып тіркелген) сәйкес педагог кәсібіне кіріспе бағдарламасы аяқталғанға дейін бір оқу жылына беріледі.

Педагог-тағылымдамашыға бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіледі.

Педагог кәсібіне кіріспе бағдарламасы аяқталғаннан кейін педагог-тағылымдамашы қызмет нәтижелері туралы есеп дайындауды, сабактарды көрсетеді, талдайды, (Lesson Study) лессон стади сабакқа зерттеу жүргізеді, (Action Research) экшн рисұрч әдісін қолданады. Педагог-тәлімгер бағдарлама нәтижелері бойынша педагог-тағылымдамашыға ұсыныс дайындауды.

Педагог кәсібіне кіріспе бағдарламаны аяқтау және педагог-тәлімгердің он ұсынымы қорытындысы бойынша білім беру үйымының педагогикалық кеңесі педагог-тағылымдамашыға "педагог" біліктілік санатын беру туралы шешім шығарады. Біліктілік санатын бергеннен кейін педагогпен бір күнтізбелік жылға еңбек шарты жасалады. Кейінгі еңбек қатынастары еңбек заңнамасы шеңберінде ресімделеді.

"педагог" біліктілік санатына:

тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курсарынан өткен, "педагог-тағылымдамашы" санатына қойылатын талаптарға сәйкес келетін және тиісті бейін бойынша кемінде 1 жыл педагогикалық өтілі бар адамдар;

тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курсарынан өткен адамдар, бастапқыда "педагог-тағылымдамашы" санатын беруге ұсынылатын, Үлттық біліктілік тестілеуінен сәтті өткен адамдарды қоспағанда, оның ішінде:

- педагогикалық лауазымдағы жұмысын қайта бастаған (тиісті бейін бойынша жалпы педагогикалық өтілі 1 жылдан кем емес 5 жылдан аспайтын педагогикалық лауазымға қайта бастау мерзімі) және біліктілік санаты жоқ;

- білім беру үйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беру басқармасы органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан, жоғары оқу орындарынан ауысқан;

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мамандығы бойынша оқуда (тағылымдамада) болған;

- тиісті бейін бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алғы шет елдерден келген;

- тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курсарынан өткен, білім беру үйымдарына педагог ретінде 2022 жылғы 1 қантарды қоса алғандағы мерзімде қабылданған, біліктілік санаты жок адамдар;

- қосымша білім беру жүйесінде 5 және одан да көп жыл кәсіби өтілі бар адамдар.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және бейіні бойынша кемінде 2 жыл өндірістік өтілі бар өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына алғаш рет педагогикалық қызметке кіріскең педагогтер Ұлттық біліктілік тестілеуінен өтпестен "педагог" біліктілік санатын алады.

"Педагог" санатына үміткер педагогтер № 338 бұйрыққа немесе кәсіптік стандартқа сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келуі және мынадай кәсіптік құзыреттерге сәйкес келуі тиіс:

оқу пәнінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұнын біледі; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және үйымдастырады, білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім беру үйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асырады, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын менгерген, цифрлық білім беру ресурстарын қолданады;

Сабакты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади, (Action Research) экши рисУрч әдісін қолданады;

"Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканың негізгі нормаларын сақтайды;

2) "педагог-модератор" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курсарынан өткен адамдар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;

кәсіби шеберлік конкурсының қатысуышы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру үйымының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуыш немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;

Сабакты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади, (Action Research) экши рисУрч әдісін қолданады;

сабак рефлексиясын жүргізеді, өткізілген сабактарға әріптестерінің оң пікірлеріне ие;

3) "педагог-сарапшы" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курсарынан өткен адамдар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, кемінде үш жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог-модератор" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

ұйымдастырылған оқу қызметін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын менгерген ;

өзінің және білім беру ұйымы деңгейінде әріптерлерінің кәсіби даму басымдықтарын сындарлы анықтайды;

кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;

Сабакты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади, (Action Research) экши рисҰрч әдісін қолданады;

сабактар рефлексиясын жүргізеді, өткізген сабактарына әдіскерлер мен педагогтердің оң пікірлерінің бар болуы;

4) "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог-сарапшы" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

сабакты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын менгерген;

білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;

облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибелі жинақтайды (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;

"Ұздік педагог" атағының иегері, қатысушысы немесе жүлдегері (бар болған жағдайда) болып табылады;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), облыстың деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта конструктивті даму стратегиясын айқындайды, тәлімгерлікті жүзеге асырады (бар болған жағдайда);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Білім беру мазмұнын сараптау респубикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Білім беру мазмұнын сараптау респубикалық ғылыми-практикалық орталығы) "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді (болған жағдайда);

интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;

аудан/қала/облыс деңгейінде сабактарды көрсетеді, өткізілген сабактарына педагогтер мен әдіскерлердің оң пікірлерінің бар болуы;

Сабакты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади (Action Research) экшн рисҮрч әдісін қолданады;

сабактар рефлексиясын жүргізеді, басқа мұғалімдердің сабактарын талдайды;

аудандық/қалалық/облыстық және (немесе) респубикалық деңгейлерде (бар болған жағдайда) педагогтер үшін семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

5) "педагог-шебер" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, келесі кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде алты жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог-зерттеуші" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

білім беру ұйымдарында іске асырылған және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған үздік педагогикалық практикалар мен әзірлемелерді енгізеді немесе бағдарламаларды әзірлейді,

немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады,

немесе уорлд скилс (WorldSkills) (кәсіби шеберлік конкурсы) халықаралық чемпионаттарының сарапшысы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша тренер болып табылады;

респубикалық немесе халықаралық кәсіптік конкурстардың немесе олимпиадалардың жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес респубикалық немесе

халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындады;

"Ұздік педагог" атағының иегері, қатысушысы немесе жүлдегері (бар болған жағдайда) болып табылады;

интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;

тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлайды (болған жағдайда);

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жаңындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді (болған жағдайда);

республика деңгейінде тәжірибе таратады, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтеріне арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

сабакты зерттеу жүргізеді, оның ішінде (Lesson Study) лессон стади, (Action Research) экши рисұрч әдісін қолданады;

өз шешімдері мен іс-әрекеттерін басқаруды, түзетуді және бағалауды біледі;

облыстық/республикалық деңгейлерде сабактарды көрсетеді, сабактар рефлексиясын жүргізеді, өткізген сабактарына педагогтер мен әдіскерлердің он пікірлерінің бар болуы;

педагогтерге арналған республикалық және (немесе) халықаралық деңгейлердегі семинарлар, конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге қатысады (бар болған жағдайда).

40. Білім беру ұйымы жыл сайын 1 қыркүйекке дейін алдағы қаржы жылына арналған біліктілік санаттарын берудің (растаудың) перспективалық жоспарын жасайды және бекітеді, ол қажеттілігіне қарай түзетіледі.

41. Білім беру ұйымы біліктілік санатын беру үшін педагогтердің тізімдік құрамын (электрондық тасымалдағышта) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларына, республикалық ұйымдар білім беру саласындағы уәкілетті органға (тиісті саланың республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдары мен білім беру ұйымдары үшін) ұсынады.

біліктілік санатын алуға үміткер немесе педагогтердің тізімдік құрамын ақпараттық жүйеде орналастырады.

42. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы соңғы шешімді Комиссия қабылдайды.

43. Әрбір педагог бойынша Сараптама кеңесінің ұсынымдарын қарағаннан және алғаннан кейін Комиссия педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген бір деңгейге төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) "педагог" біліктілік санатына сәйкес келеді (өтініш берілген біліктілік санаты сәйкес келмеген кезде);
- 4) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

44. "Өтініш берілген біліктілік санатына аттестаттаудан өтпеген" деген шешім қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссияның барлық мүшелері қол қойған шешімнің негізdemесімен бірге аттестатталған адамның электрондық поштасына немесе педагогтің цифрлық профиліне жазбаша хабарлама жібереді.

45. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Аттестаттаудан сәтті өткен педагогтердің тізімі аттестаттауды өткізген мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымының Интернет-ресурсында немесе ақпараттық жүйеде жарияланады.

46. Біліктілік санаты педагогтердің өтініші негізінде бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге келесі жағдайларда ұзартылады:

"Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21263 болып тіркелген) әлеуметтік маңызы бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздық кезінде;

жүктілікке және босануы бойынша демалыстан немесе бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтуге арналған демалыстан немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін демалыстан шыққаннан кейін;

білім беру ұйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруі басқармалары органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан ауысқан жағдайда.

Педагогтер бір жылдан кейін біліктілік талаптарына сәйкес келетін санатқа ПББ тапсырады. Педагогтердің осы санаты үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы ПББ тапсырған сәттен бастап бір жыл өткен соң жургізеді. Бұл ретте педагогтің осы кезеңде қолда бар біліктілік санаты сақталады.

47. Осы Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген педагогтер біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін Комиссияға мынадай

құжаттарды ұсынады немесе ақпараттық жүйедегі педагогтің цифрлық профиліне жүктейді:

- 1) біліктілік санаттарының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (еркін нысан);
- 2) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын күжат.

48. Комиссияның біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

49. Комиссияның біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешімі осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

50. Жасы бойынша зейнетақыға дейін төрт жылдан аспайтын педагогтер атtestаттау ресімінен босатылады. Қолда бар біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы бұйрықты білім беру үйіміндең басшысы шығарады. Бұйрықтың күші зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады. Зейнеткерлік жасы "Қазақстан Республикасында зейнеткерлік қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер атtestаттау ресімінен жалпы негіздерде өтеді.

51. Мынадай санаттағы педагогтерге:

"санаты жоқ" біліктілік санаты "педагог" біліктілік санатына теңестіріледі;

"екінші санат" біліктілік санаты "педагог-модератор" біліктілік санатына теңестіріледі;

"бірінші санат" біліктілік санаты "педагог-сарапшы" біліктілік санатына теңестіріледі;

"жоғары санат" біліктілік санаты "педагог-зерттеуші" және (немесе) "педагог-шебер" біліктілік санаттарына теңестіріледі.

52. Қазақстан Республикасының шегінде педагогикалық салада тиісті мамандық бойынша жаңа жұмыс орнына ауысқан кезде педагогтердің (басшылардың, басшы орынбасарларының, әдіскерлердің) бар біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

53. Педагогтерге біліктілік санатын беру білімі туралы дипломда көрсетілген мамандыққа (біліктілікке) немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік беріле отырып, қайта даярлау туралы құжатқа сәйкес жүзеге асырылады.

54. Білім туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқыту жағдайында біліктілік санатын беру оқытылатын/оқытылған пәнді/пәндерді (таңдау бойынша) көрсете отырып, негізгі лауазым бойынша жүргізіледі және негізгі лауазым бойынша санат беріледі. Негізгі лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты тиісті бағыт бойынша оқытылатын барлық оқу пәндеріне/пәндерге қолданылады.

55. Шағын жинақталған мектеп педагогтері үшін дипломда көрсетілмеген пәндерді оқыту жағдайында кезекті біліктілік санатын беру пәнаралық (аралас) пәндер бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжат болған кезде атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

56. Педагог жоғары оқу орындарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді оқытқан жағдайда, оның бұрын алған санаты сақталады. Біліктілік санатын кезекті беру біліктілікті арттыру туралы тиісті құжат болған кезде жалпы негізде жүргізіледі.

57. Арнайы білім беру үйымдарында сабак беретін педагогтер кезекті біліктілік санатына дипломына сәйкес, бейіні немесе қайта даярлау туралы құжаты бойынша, білім беру үйымдарындағы тиісті бейін бойынша өтеді.

58. Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының педагогтері кезекті біліктілік санатына оқытатын бейінге сәйкес өтеді.

59. Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), қосымша білім беру үйымдарының педагогтеріне (әдіскерлеріне) диплом бойынша немесе атқаратын лауазымы ескеріле отырып біліктілік санаттары беріледі.

60. Білім беру үйымынан тиісті пән бойынша әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын үйымдарға немесе білім беру қызметін жүзеге асыратын үйымдардан ауысқан кезде педагогтің бар "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады (тенестіріледі).

61. Әдістемелік кабинеттердің (білім беруді басқару органдарының құрылымдық бөлімшелерінің) басшыларына (менгерушісіне), әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), "Дарын" орталығының, ақпараттандыру, мектепке дейінгі, арнайы және қосымша білім беру орталықтарының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының әдіскерлеріне білім беру үйымдарына ауысу немесе қоса атқару шарттарында оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде қолда бар біліктілік санат сақталады.

Педагог (оқытушы) лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты әдіскер лауазымына қолданылады.

Әдіскер лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты педагог (оқытушы) лауазымына қолданылады.

62. Бейіннен тыс педагогикалық білімі бар мектепке дейінгі білім беру үйымдарының педагогтеріне тиісті бейін бойынша қайта даярлау туралы құжат немесе біліктілікті арттыру курстары туралы құжат болған кезде біліктілік санаты беріледі.

63. "Көркем еңбек" пәні бойынша сабак беретін педагогтер "Технология", "Бейнелеу өнері", "Сызу" мамандықтары бойынша дипломмен аттестаттаудан өтеді; "Графика және жобалау" пәні бойынша – "Бейнелеу өнері", "Сызу", "Информатика"

мамандықтары бойынша диплом, сондай-ақ бұрын берілген біліктілік санатын ескере отырып кәсіптік оқыту ескеріледі.

64. Арнайы білім беру үйымдастында немесе арнайы сыныптарда (топтарда) білім туралы дипломда көрсетілген мамандық бойынша емес қызмет жүргізген жағдайда, біліктілік санатын кезекті беру тиісті бейіні бойынша қайта даярлау туралы құжаттың негізінде атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

65. Инклузивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептерде сабак беретін педагогтер дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес кезекті біліктілік санатын беруден өтеді, бұл ретте портфолиода ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жөніндегі материалдар көрсетіледі.

2-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі

66. Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті атtestаттаудан кейін екі жыл өткен соң жол беріледі. Педагог мерзімінен бұрын атtestаттауға өтінішті осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен соңғы екі жылдан кем емес қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде береді.

67. "Педагог-модератор" біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге педагогтер кемінде мынадай екі талапқа сәйкес болған жағдайда қатысады:

пәнди ағылшын тілінде оқыту құқығымен жоғары оқу орнын бітірген, ағылшын тілін С1 деңгейінен төмен емес (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) білетіндігін растайтын сертификаты (куәлігі) бар немесе ғылыми-педагогикалық бейіні бойынша "магистр" академиялық дәрежесі берілген дипломы бар адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық/республикалық маңызы бар қала) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе женімпаздары болып табылатын адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың женімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

68. "Педагог-сарапшы" біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде төртеуіне сәйкес келетін педагогтер қатысады:

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе женімпаздары болып табылатын адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың женімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

аудандық/қалалық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Республикалық оқу-әдістемелік

кенес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

ағылшын тілін С1 (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) деңгейінен төмен емес деңгейде меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;

жоғары оқу орнынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа аудиоскан, кемінде екі жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар адамдар;

бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;

бейіні бойынша ең жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері;

Уорлд скайлс (WorldSkills) облыстық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

69. "Педагог-зерттеуші" біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде бесеуіне сәйкес келетін педагогтер қатысады (осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген адамдарды қоспағанда):

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

Уорлд скайлс (WorldSkills) республикалық немесе халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған тұлғалар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген, басып шыгарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатын адамдар;

облыстық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кенес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

70. "Педагог-шебер" біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер қатысады:

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болып табылатын тұлғалар;

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте, Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданып, білім беру үйымдарында іске асырылған бағдарламалар немесе әзірлемелер мен ұздік педагогикалық тәжірибелер енгізген тұлғалар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатындар;

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

Қазақстан Республикасының "Ұздік педагог" атағына ие болған адамдар;

Уорлд скайлс (WorldSkills) халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

71. Мерзімінен бұрын атtestаттау кезінде Комиссия "өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған жағдайда, қолданыстағы біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

3-параграф. Педагогтерге оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру тәртібі

72. Президенттің кадр резервіне кірген тұлғаларға, Nazarbayev University тұлектеріне, "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының тұлектеріне жұмысқа орналасу кезінде жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бес жылдан кешіктірілмей біліктілік санатын беру рәсімінсіз Комиссия шешімімен "педагог-модератор" біліктілік санаты беріледі. Кезекті атtestаттау осы Қағидаларда белгіленген мерзімде өткізіледі.

73. "Педагог-модератор" біліктілік санаты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына жұмысқа орналасу кезінде тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде соңғы бес жыл жұмыс өтілі бар адамдарға жеке өтініші негізінде атtestаттаудан өтпей беріледі.

"Педагог-сарапшы" біліктілік санаты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына жұмысқа орналасу кезінде тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте жұмыс өтілі соңғы он жылдан асатын адамдарға жеке өтініші негізінде аттестаттаудан өтпей беріледі.

74. Жеке өтініш және сертификат негізінде шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін менгеру деңгейі бойынша аттестаттау рәсімінен өтпей "педагог-модератор" біліктілік санаты беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 6,5 балл; тойфл (TOEFL) (internet Based Test (iBT) – 79-84 балл;

француз тілі: дельф (DELF) – B2;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – B2.

75. Жеке өтініш және сертификат негізінде шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін менгеру деңгейі бойынша "педагог-сарапшы" біліктілік санаты бұдан әрі ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 6,5 балл; тойфл (TOEFL) (internet Based Test (iBT) – 85-93 балл;

француз тілі: дельф (DELF) – B2;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – B2.

76. Жеке өтініш және сертификат негізінде шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін менгеру деңгейі бойынша "педагог-зерттеуші" біліктілік санаты бұдан әрі ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 7 балл; тойфл (TOEFL) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) – 94-101 балл;

тиkitи TKT (тичинг ноулидж тест Teaching Knowledge Test) модулс Modules 1-3 (3 модульдің бірі) бэнд Band 3-4/4 (4 балл бойынша нәтиже 3-4 балл);

француз тілі: дельф (DELF) – C1;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – C1.

"Педагог-зерттеуші" біліктілік санаты қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін біліктілік тестілеу рәсімінен өтпей-ақ беріледі.

"Педагог-зерттеуші" біліктілік санаты сэлта Celta (сертифекейт ин инглиш лэнгүиж тичинг то адалтс. Кембридж (Certificate in English language teaching to Adults. Cambridge)) пас энд әбав Pass and above сертификаты бар ағылшын тілі мұғалімдеріне жеке өтініш негізінде аттестаттау рәсімінен өтпей беріледі.

77. Жеке өтініш және сертификат негізінде шет (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне шет тілін менгеру деңгейі бойынша "педагог-шебер" біліктілік

санаты бұдан әрі ПББ ресімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 7,5 балл; тойфл (TOEFL) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) internet Based Test (iBT) – 102-109 балл;

тиkitи TKT (тичинг ноулидж тест Teaching Knowledge Test) модулс Modules 1-3 (3 модульдің бірі) бэнд Band 3-4/4 (4 балл бойынша нәтиже 3-4 балл);

француз тілі: дельф (DELF) – C1;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – C1.

"Педагог-шебер" біліктілік санаты жеке өтініш негізінде аттестаттау ресімінен өтпей-ақ дәлта Delta (диплом ин ингліш лэнгүж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пас энд әбав Pass and above) сертификаты бар ағылшын тілі мұғалімдеріне беріледі.

78. Жоғарыда аталған сертификаттары жоқ шет тілдерінің педагогтері біліктілік санатын беру ресімінен жалпы негізде өтеді.

79. Шет (қытай, түрік, араб және т. б.) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініш және бірінші тіл ретінде сейлелейтін елдерде ресми танылған сертификат негізінде:

B2 деңгейі бойынша "педагог-модератор" біліктілік санаты,

C1 немесе C деңгейі бойынша "педагог-сарапшы" біліктілік санаты бұдан әрі ПББ ресімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өткеннен кейін беріледі.

80. Педагогикалық білімі жоқ, бірақ жеке өтініші негізінде ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар адамдарға аттестаттау ресімінен өтпей-ақ біліктілік санаты беріледі:

"педагог-сарапшы":

Тойфл/тойсол TEFL/TESOL (тичинг ингліш ту спикерс оф азэ лэнгүжес Teaching English to Speakers of Other Languages/ Тичинг инглиш әс ә форинг лэнгүиж Teaching English as a Foreign Language);

"педагог-зерттеуші":

Селта CELTA (сертифекайт ин инглиш лэнгүиж тичинг то адалтс. Кембридж Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) пас энд әбав PASS B and above;

"педагог-шебер":

Делта DELTA (диплом ин ингліш лэнгүж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пас энд әбав Pass and above.

81. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы №390 "Мұғалімдер тапшылығы бар өнірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнаулы бағдарлама)" қаулысымен

бекітілген арнайы бағдарлама бойынша жұмысқа қабылданған педагогтерге (арнайы бағдарлама) жеке өтініш негізінде аттестаттау рәсімінен өтпей-ақ біліктілік санаты беріледі:

жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының түлектеріне – "педагог-модератор";

"педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" біліктілік санаты бар педагогтерге – бір саты жоғары.

Алынған біліктілік санаты Арнайы бағдарлама бойынша жұмыс істеу кезеңіне сақталады. Басқа жұмысқа ауысқан кезде алдыңғы біліктілік санаты беріледі.

4-тарау. ПББ өткізу тәртібі

82. ПББ тапсыру үшін педагог дипломда көрсетілген мамандығы немесе негізгі лауазымы бойынша осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған үйымға өтініш береді. ПББ өтуге өтініш берген кезде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс), күнін, уақытын таңдайды.

83. Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған үйым ПББ өткізудің операторы болып табылады. Біліктілік тестілеуі электрондық форматта өткізіледі.

84. ПББ-ға қатысу үшін өтініштерді қабылдау онлайн режимде жүзеге асырылады.

85. ПББ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде педагогтің өтінішіне сәйкес өткізіледі.

86. Ерекше жағдайларда (форс-мажорлық жағдайлар) педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі бес жыл өткен кезде аттестаттау комиссиясы оның қолданылу мерзімін күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартады.

87. Педагогикалық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарын бітірген, педагогикалық қызмет өтілі жоқ кандидаттар ПББ табысты өткеннен кейін жұмысқа қабылданады. Осы өтілі жоқ кандидаттар үшін білім беру үйымында "педагог-тағылымдамашы" біліктілік санаты беріледі.

88. ПББ:

педагогтер:

күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) рет – ақысыз;

күнтізбелік жыл ішінде 1 (бір) рет мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш берген педагогтер – ақысыз;

сынақ (педагогтің қалауы бойынша) – күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде. Сынақ /акылы тестілеу нәтижелері аттестаттаудан өту үшін негіз болып табылмайды;

педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, тәжірибесі жоқ кандидаттар:

күнтізбелік жыл ішінде 2 (екі) рет – ақысыз;

білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары құнтізбелік жылы 4 (төрт) рет – тегін;

сынақ (қалауы бойынша) – құнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде. Сынақ/ақылы тестілеу нәтижелері аттестаттаудан өту үшін негіз болып табылмайды.

89. ПББ келесі тест тапсырмаларынан тұрады:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері үшін:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі және жас психологиясы" – жиырма тапсырма;

"Мемлекеттік білім беру стандартын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білу" – он тапсырма;

2) Бастауыш білім беру педагогтері:

"Пәндік білім" (қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі бойынша), әдеби оқу, математика) – отыз тапсырма;

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма

3) Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерінен басқа):

"Пәндік білім" – отыз тапсырма;

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма

4) Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма;

"Психология" – он тапсырма;

5) Арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері үшін:

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма;

"Психология" – он тапсырма;

6) Арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

"Арнайы педагогика" – жиырма тапсырма;

"Арнайы психология" – он тапсырма;

7) Таңдау бойынша дене шынықтыру педагогтері үшін:

"Пәндік білім" – отыз тапсырма;

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма;

8) педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, өтілі жоқ кандидат, оның ішінде педагогикалық қызметті қайта бастағысы келетін адамдар:

"Пәндік білім" – отыз тапсырма;

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы бағыты бойынша:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі және жас психологиясы" – жиырма тапсырма;

"Мемлекеттік білім беру стандартын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білу" – он тапсырма.

9) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтер:

"Пәндік білім" – отыз тапсырма;

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма;

Жалпы кәсіптік және арнайы, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер, кәсіби және негізгі модульдер бойынша педагогтер:

"Пәндік білім" – отыз тапсырма;

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма

Өндірістік оқыту шеберлері:

"Педагогика, оқыту әдістемесі" – отыз тапсырма;

Өзге лауазымдағы педагогтер:

"Оқыту әдістемесі" – жиырма тапсырма;

"Психология" – он тапсырма.

10) Кезекті аттестаттау кезінде білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары үшін:

"Заңнаманы және нормативтік-құқықтық актілерді білу" бағыты бойынша – алпыс тест тапсырмасы:

Қазақстан Республикасының Енбек кодексі – он тест тапсырмасы;

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс – он тест тапсырмасы;

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – он тест тапсырмасы;

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – он тест тапсырмасы;

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы – он тест тапсырмасы;

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бар болса) – он тест тапсырмасы.

90. Тестілеу нәтижесі келесі ұпайларды алған кезде он болып саналады:

1) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері үшін:

"Мемлекеттік білім беру стандартын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білу" – 70%;

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі және жас психологиясы"

"педагог" біліктілік санаты – 50 %
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70 %;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80 %;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90 %.

2) Бастауыш оқыту педагогтері үшін:

"Пәндік білімдер" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

3) Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерінен басқа):

"Пәндік білімдер" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

4) Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

"Оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Психология" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

5) Арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері үшін:

"Оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Психология" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

6) Арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

"Арнайы педагогика" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%;

"Арнайы психология" бағыты бойынша

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

7) Дене шынықтыру бойынша педагогтер үшін (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру бойынша арнайы пәндер оқытушыларынан басқа):

"Пәндік білімдер" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

8) Педагогикалық (мамандықтар) бағыттар бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тәжірибесі жоқ кандидаттар үшін:

"Пәндік білім":

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"Оқыту әдістемесі":

"педагог" біліктілік санаты – 40 %.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы бағыты бойынша:

"Мемлекеттік білім беру стандартын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білу" – 50%;

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі және жас психологиясы" – 40 %.

"Мемлекеттік білім беру стандартын және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын білу" – 50%;

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі және жас психологиясы" – 40 %.

9) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

"Пәндік білімдер" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Оқыту әдістемесі" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

"Психология" бағыты бойынша:

"педагог" біліктілік санаты – 50%;
"педагог-модератор" біліктілік санаты – 60%;
"педагог-сарапшы" біліктілік санаты – 70%;
"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты – 80%;
"педагог-шебер" біліктілік санаты – 90%.

10) Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары үшін:

міндетті аттестация – 70%;

91. Пайыздар осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес Ауыстыру шкаласы бойынша балдарға ауыстырылады.

92. ПББ уақыты:

"Математика", "Физика", "Химия", "Информатика" пәндері үшін – жұз жиырма минутты;

"Мектепке дейінгі білім беру" бағыты үшін – сексен минутты;

"Қосымша білім беру" бағыты үшін – сексен минутты;

өзге педагогтер үшін – тоқсан минутты құрайды.

93. ПББ жүргізу үшін уәкілетті орган айқындаған ұйым тест тапсырмаларының базасын әзірлейді.

94. Білім берудің уәкілетті органы айқындаған ұйымның сайтында ПББ тест тапсырмаларының спецификациялары, эссе тақырыптары және даярлау үшін ұсынылатын әдебиеттер тізбесі ашық қолжетімділікте орналастырылады.

95. ПББ өткізудің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін өткізу пункттеріндегі аудитория және әрбір педагогтің орны бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

96. Заттар табылған және аудиторияда мінез-құлық қағидаларын бұзған педагог аудиториядан шығарылған немесе тестілеуде бөгде адам анықталған жағдайда осы Қағидаларға 18 және 19-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

97. Бейнежазбаны қарау кезінде тестілеуді өткізу ережесін бұзы фактілері анықталған жағдайда акт жасалады және нәтижелері жойылады.

98. ПББ өткізу кезінде тыйым салынған зат немесе ереже бұзушылық анықталған жағдайда педагогке бес жыл (білім беру ұйымдарының басшылары – үш жыл) мерзімге аттестаттаудан өтуге рұқсат берілмейді. Педагогтің біліктілік санаты "педагог" біліктілік санатына дейін (басшы – "білім беру ұйымының басшысы" біліктілік санатына дейін) төмендетіледі.

99. Өңірлерде өткізуге уәкілетті тестілеу орталықтары ПББ өткізу кезінде медициналық персоналдың жұмысын ұйымдастырады.

100. Педагог тестілеу өткізу пунктінің ғимаратына кірген кезде оның жеке басын тану технологиясын пайдалана отырып сәйкестендіру немесе жеке басын күәландаратын құжаттың және рұқсаттаманың негізінде сәйкестендіру жүргізіледі.

101. Тестіленушілерді кіргізу ПББ жүргізуге жауапты ұйым бекіткен нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

102. ПББ өткізу кезінде жол берілмейді:

тестілеуді және қауіпсіздік жүйесін пайдалану үшін техниканың қасақана бұзылуы;

тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өтуге байланысты бұзушылықтар;

дәліз бойынша кезекші қызметін атқаратын адамның рұқсатынсыз және қолдауынсыз аудиториядан (компьютерлік сыныптан) шығу;

аудиториядан (компьютерлік сыныптан) 10 минуттан артық емес және 2 реттен артық емес шығуға, бұл ретте тестіленушілердің денсаулығына байланысты төтенше, форс-мажорлық жағдайларға немесе басқа да негізделген жағдайларға қатысты жағдайларды қоспағанда, тестілеудің бірінші және соңғы сағаттарында шығуға жол берілмейді;

келіссөздер жүргізу, бір жерден екінші жерге ауысу;

жұмыс үшін берілген A4 форматындағы құжаттар мен қағаздармен алмасу.

Сондай-ақ олардың ғимаратқа мынадай тыйым салынған заттарды әкелуіне жол бермеу: мобиЛЬДІ байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Ipad), iPod (iPod), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуки, ойнатқыштар, модемдер (мобиЛЬДІ маршрутизаторлар), смарт сағаттар, смарт көзілдіріктер, фитнес-білэзіктер (трекерлер), диктофон, сымды құлаққаптар, сымсыз, микро құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (Vieychef), UHF (Ueychef), Wi-Fi (Wi-Fi), GPS (Jipies), Bluetooth (Bluetooth), Dect (DECT).

Сондай-ақ тестілеу ғимаратына мынадай заттарды енгізуге жол берілмейді: шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және түздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, A4 форматындағы қағаздар және басқа да қағаз форматтары.

Аудиториядан (компьютерлік сыныптан) тест тапсырмаларын шешу бойынша жұмыстарды орындау үшін тестіленушіге берілген A4 және басқа да форматтағы қағаздарды шығару.

103. Отырғызғаннан кейін тестілеу басталғанға дейін тестілеу және эссе жазу кезінде мінез-құлық қағидалары бойынша нұсқама жүргізіледі.

104. Тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады:

ұсынылған тест тапсырмаларының ішінен бір балл, қалған жағдайларда нөл балл беріледі.

105. Уәкілетті орган айқындаған ұйым педагогтердің деректер базасын қалыптастырады (өтініштерді қабылдау, ақпараттандыру үшін дербес деректерді енгізу

: Жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), өтініш берілген біліктілік санаты, тапсыру тілі, жұмыс орны, пәні).

106. Уәкілетті орган айқындаған үйым бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындауды, өтініштерді қабылдау, тестілеуді өткізу кезеңінде, апелляциялық рәсімдер кезінде оның жұмысын; тестілеу аяқталғаннан кейін оның нәтижелерін өндөуді және беруді; апелляцияны есепке ала отырып, апелляцияны өткізуді және нәтижелерді беруді; жазылған эссеңі беруді жүргізеді.

107. ПББ өткізуге жауапты Уәкілетті орган айқындаған үйым:

1) компьютерлік кабинеттерді дайындауды;

2) компьютерлерді тестілеуді өткізуге бір күн қалғанда дайындауды;

3) аудиториялық қорды ұсынуды;

4) тұлғаның жеке басын тану технологиясын пайдалана отырып сәйкестендіруді немесе жеке басын куәландыратын құжат негізінде сәйкестендіруді және рұқсаттаманы, педагогтерді компьютерлік кабинетке жіберуді және оларды отырғызууды жүзеге асырады.

108. ПББ өткізу кезінде білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері бақылаушы ретінде катысады. Бақылаушылар тестілеуге қатысуышыларға көмектеспейді. Тестілеуге кедергі келтіретін әрекеттерге жол берілмейді. Тестілеу тәртібін бұзғаны үшін бақылаушы өз функцияларын орындаудан шеттетіледі.

109. Тестілеу аяқталғаннан кейін педагог компьютер экранында көрсетілетін тестілеу нәтижелерімен танысады.

110. ПББ нәтижесі – осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ПББ өткені туралы сертификат педагогтің жеке кабинетіне жолданады. Апелляция өткізілген жағдайда ПББ өткені туралы сертификат апелляцияны ескере отырып, педагогтің жеке кабинетіне жіберіледі.

111. Уәкілетті орган айқындаған үйым ПББ-дан өткен тестіленушілердің электрондық деректер базасын бес жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді.

112. Уәкілетті орган айқындаған үйым өңірлік білім басқармаларына және білім беру саласындағы уәкілетті органға тестілеу нәтижелері бар электрондық сертификаттарды және эсселердің болуын тексеру үшін қолжетімділік береді.

113. ПББ аяқталғаннан кейін педагог нәтижелермен (дұрыс және дұрыс емес жауаптармен) танысады және келіспеген жағдайда тестілеу залынан шықпай-ақ ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляциялық комиссияға негіздемелермен апелляция береді. Педагог тестілеу залынан шыққаннан кейін берілген апелляцияға өтініштер қабылданбайды.

114. Тестілеуді өткізу кезіндегі даулы мәселелерді шешу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы апелляцияларды қабылдауды қамтамасыз ететін Апелляциялық комиссияны құрады.

115. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бүйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, мектепке дейінгі, орта және жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының педагогтері кіреді.

Апелляциялық комиссия мүшелері тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына аудысу құқығынсыз қатысады.

116. Апелляциялық комиссия өкілдегінің қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылды құрайды.

117. Апелляция мынадай жағдайларда қаралады:

1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспеймін;

дұрыс жауап жоқ;

барлық ұсынылған нұсқалардан бір дұрыс жауапты таңдаумен тест тапсырмаларында біреуден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған.

2) техникалық себептер бойынша:

тест тапсырмаларында фрагменттің немесе мәтіннің болмауы.

118. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция берген кезде педагог дәлелді негіздемені (толық түсіндірме) көрсетеді. Барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляцияға берілетін өтініштер әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздемені (толық түсіндірме, міндеттердің қадамдық шешімі) көрсетпей қарауға жатпайды.

119. Апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, хатшысы және мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамалары жыл бойы уәкілетті орган айқындаған үйымда сақталады.

120. Онлайн-қабылдау режимінде қаралған апелляция нәтижелері бойынша педагогтің жеке кабинетінде тестілеу нәтижелері көрсетіледі.

121. ПББ нәтижесі бір жылға жарамды деп есептелсін.

122. Қантар-мамыр (тамыз-желтоқсан) атtestаттау кезінде педагогке біліктілік санатын беру (растай) үшін оны кезекті атtestаттау кезінде өтініш берілген санат бойынша балдар саны жеткіліксіз болса, біліктілік санаты мерзімі аяқталғанға дейін сақталады, одан әрі біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді. Бұл біліктілік санаты атtestаттаудың келесі тамыз-желтоқсан (қантар-мамыр) кезеңіне дейін сақталады. Келесі атtestаттау кезеңінде педагог ПББ өткеннен кейін бастапқыда өтініш берілген біліктілік санаты бойынша атtestаттаудан өтеді.

123. Бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.

Біліктілік санатын арттыру кезінде жалпы негізде өтеді.

124. Ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді.

"Педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.

125. Педагог тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) атtestаттау кезеңінде біліктілік санаттарын алуға (растауға) кезекті атtestаттау үшін өтінішті уақытылы бермеген жағдайда, біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) атtestаттау кезеңіне дейін сақталады.

Келесі атtestаттау кезеңінде педагог № 338 бұйрығымен немесе кәсіптік стандартпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына атtestаттаудан өтеді.

126. "Екінші", "бірінші", "жоғары" санаттары бар педагог қаңтар-мамыр (тамыз-желтоқсан) атtestаттау кезеңінде өтініш берілген санатқа балдар саны жеткіліксіз болған жағдайда, біліктілік санаты оның мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі бір деңгейге төмендетіледі. Осы біліктілік санаты келесі тамыз-желтоқсан (қаңтар-мамыр) атtestаттау кезеңіне дейін сақталады.

Келесі атtestаттау кезеңінде педагог № 338 бұйрықпен немесе кәсіптік стандартпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес біліктілік санатына атtestаттаудан өтеді.

2-параграф. Эссе жазу тәртіби

127. Тестілеу аяқталғаннан кейін педагог және білім беру үйыминың (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшысы міндетті атtestаттау кезінде эссе жазады. Жалпы уақыт – 60 минут. Сөз саны – 250-300 сөз. Эссе тақырыбын жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындейды. Жазылған эссе мұғалімнің/басшының жеке кабинетінде тиісті сілтеме бойынша немесе мұғалімнің профилінде көрсетіледі.

128. Жазылған эссе педагогтің/басшының жеке кабинетіне жіберіледі немесе ақпараттық жүйеде көрсетіледі.

129. Жазбаша эссе біліктілік санатын беруден бас тартуға негіз болып табылмайды.

5-тaraу. Білім беру үйимдарының басшылары мен басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін атtestаттаудан өткізу тәртіbi

130. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларын, басшысының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерін аттестаттауды өткізуге дайындықты білім беру ұйымдарында жауапты орындаушылар, аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі ұйымдастырады және мынадай іс-шараларды қамтиды:

ақпараттық жүйе болмаған кезде:

1) осы Қағидаларға 21 және 22-қосымшаларда белгіленген өлшемшарттарды орындау бойынша растайтын құжаттарды, жұмыс тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі кестені, ПББ өткендігі туралы сертификатты қамтитын құжаттарды дайындау. Көрсетілген құжаттар білім беру ұйымы (әдістемелік кабинет (орталық) басшысының қолымен және мөрімен куәландырылады;

2) аттестаттауды өткізу кестелерін бекіту.

ақпараттық жүйеде:

1) аттестатталушының бейінін қарау және осы Қағидаларға 21 және 22-қосымшаларда белгіленген өлшемшарттарды орындау бойынша балл қою;

2) аттестатталушы профилінде аттестаттауды өткізу кестесінің бекіту және жүктеу.

131. Тиісті деңгейдегі аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі жыл сайын 1 қыркүйекке дейін білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) аттестатталатын басшылары мен басшылар орынбасарларының, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерінің алдағы қаржы жылына арналған тізімін айқындайды, ол қажеттілігіне қарай түзетіледі немесе ақпараттық жүйеге жүктеледі.

132. Аттестаттаушы органның басшысы органның персоналды басқару қызметінің ұсынуы бойынша жыл сайын бұйрық шығарады, онда аттестаттауды өткізу кестесі мен тиісті деңгейдегі Комиссияның құрамы бекітіледі.

133. Аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі аттестатталушыларды аттестаттауды өткізу мерзімдері туралы жыл сайын жазбаша хабардар етеді. Жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйеде көрсетілген құжаттар басшының профилінде қаралады.

134. Біліктілік бағалауы ауданының, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімі, облыстың (облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін), республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары органдарында, тиісті саладағы уәкілетті органда (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) өткізіледі (рәсімді автоматтандыруға байланысты ақпараттық жүйені пайдаланғанда алынып тасталады).

135. Біліктілік бағалауы аттестатталушылар ұсынған құжаттардың: жеке басын куәландыратын құжаттың, білімі туралы дипломның, білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген, кемінде 72 сағат "Білім берудегі менеджмент" бағдарламасы бойынша курсардан өткені туралы құжаттың, қызметкердің еңбек қызметін растайтын

құжаттың көшірмелеріне сәйкестігін қарауды қамтиды. Жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйеде көрсетілген құжаттар басшының профилінде қаралады.

136. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшы орынбасарларының, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерінің құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда, тиісті деңгейдегі аттестаттаушы органның Персоналды басқару қызметі құжаттарды қабылдамайды және дәлелді бас тартуды ұсынады.

Жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйе кезінде басшының профилі сәйкес келмеген жағдайда дәлелді бас тарту ақпараттық жүйеде басшының профиліне түседі.

137. "Басшы", "басшының орынбасары", "әдіскер" біліктілік санаттары лауазымға тағайындалған кезде автоматты түрде беріледі.

1-параграф. Білім беру ұйымдарының басшыларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

138. Білім беру ұйымдарының басшыларын міндettі аттестаттау лауазымға тағайындалған (жұмысқа қабылданған) сәттен бастап үш жыл өткен соң алты айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

139. Білім беру ұйымдарының басшылары міндettі аттестаттау кезінде тиісті деңгейдегі комиссияға немесе ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

140. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары міндettі аттестаттау кезінде осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес ПББ және эссе жазудан өтеді.

141. Білім беру ұйымдарының басшылары білім беру ұйымының басшысы лауазымында екі жыл болғаннан кейін тиісті деңгейдегі комиссияға немесе осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзі үміткер біліктілік санатын көрсете отырып, ақпараттық жүйе арқылы мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға өтініш береді.

142. Мерзімінен бұрын біліктілік санатын алу рәсіміне қатысатын білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес бірізділікті сақтай отырып, "басшы-ұйымдастырушы" немесе "басшы-менеджер" немесе "басшы-көшбасшы" біліктілік санатын беруге өтініш береді.

Біліктілік санаты үш жылға жарамды. Біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын білім беру ұйымының басшысы мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға өтініш береді.

143. Аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі білім беру ұйымдары (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының аттестаттау материалдарын комиссияға жібереді не басшының цифрлық бейініне қолжетімділікті ұсынады.

144. Отырыс барысында Комиссия ұсынылған материалдарды немесе басшының цифрлық профилін зерделейді.

145. Ұсынылған материалдарды зерделеу немесе басшының цифрлық бейінін қарап нәтижелері бойынша Комиссияның әрбір мүшесі осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталатын басшыға бағалау парагын толтырады.

146. Аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталатын басшыға аттестаттау парагын ресімдейді.

147. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

қайта аттестаттауға жатады.

Егер білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысы ПББ қорытындысы бойынша ең төменгі өту балын жинамаған жағдайда, онда аттестаттау комиссиясы "қайта аттестаттауға жатады" деген шешім қабылдайды.

148. Қайта аттестаттау бұрынғы аттестаттау комиссиясы шешім шығарған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кейін өткізіледі. Аттестаттау комиссиясы қайта аттестаттаудан өткізгеннен кейін мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

еңбек шартын бұза отырып, атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

"Еңбек шартын бұза отырып, атқаратын лауазымына сәйкес келмейді" шешімін қабылдау кезінде ПББ нәтижелері, аттестаттау кезеңіндегі қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалу динамикасы, сондай-ақ әнгімелесу нәтижелері ескеріледі.

149. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларына мерзімінен бұрын біліктілік санатын беру бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

мәлімделген біліктілік санатына аттестатталды;

мәлімделген біліктілік санатына растаумен аттестатталды;

мәлімделген біліктілік санатына аттестатталмаған.

150. "Мәлімделген біліктілік санатына аттестатталмаған" шешімін қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде аттестатталуышының электрондық поштасына жібереді немесе осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссияның барлық мүшелері қол қойған біліктілік санатын беруден (растаудан) бас тарту туралы негіздемесі бар жазбаша хабарламаны басшының бейініне бекітеді.

151. Аттестаттау қорытындысы бойынша білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі өнірлік Департаменттер (бұдан әрі – БССҚЕК) аттестаттау рәсімінің дұрыс жүргізуіне және осы Қағидаларға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігіне іріктел бақылау жүргізеді.

2-параграф. Білім беру ұйымы басшысының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшысының орынбасарларын және әдіскерлерін аттестаттаудан өткізу тәртібі

152. Білім беру ұйымы (әдістемелік кабинет (орталықтар) басшысының орынбасарларын аттестаттау лауазымға тағайындалған (жұмысқа қабылданған) сәттен бастап үш жыл өткеннен кейін алты айдан кешіктірілмей жүргізіледі және осы Қағидалардың 4-тармағында жазылған кезеңдерді қамтиды.

153. Аттестаттау рәсіміне қатысатын білім беру ұйымы (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының орынбасарлары атқаратын лауазымында үш жыл болғаннан кейін "екінші біліктілік санаты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санаты басшысының орынбасары" кезектілігін сақтай отырып, "үшінші біліктілік санаты басшысының орынбасары" дегеннен бастап біліктілік санаттарын беруге өтініш береді.

154. Аттестаттау рәсіміне қатысатын әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері атқаратын лауазымында үш жыл болғаннан кейін "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" кезектілігін сақтай отырып, "педагог-модератордан" бастап біліктілік санаттарын беруге өтініш береді. Біліктілік санаты үш жылға жарамды.

Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін атқаратын лауазымы бойынша жұмыс өтілі не болмаса әдістемелік кабинетте (орталықтарда) жұмыс өтілі ескеріледі.

155. Кезекті аттестаттау кезінде басшының (әдістемелік кабинеттің (орталықтың) орынбасарлары, әдіскерлер келесі деңгейдегі біліктілік санатын беру туралы не осы Қағидаларға 26-қосымшага сәйкес нысан бойынша комиссияға немесе ақпараттық жүйеде лауазымда болған әрбір келесі үш жыл өткеннен кейін қолда бар біліктілік санатын растау туралы өтініш береді.

156. Комиссия осы Қағидаларға 24-қосымшага сәйкес нысан бойынша бағалау парагына тиісті балл қоя отырып, ақпараттық жүйеде аттестатталуышының ұсынылған материалдарын немесе цифрлық профилін зерделейді.

157. Ұсынылған бағалау парактарының негізінде аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі осы Қағидаларға 27-қосымшага сәйкес нысан бойынша аттестаттау парагын ресімдейді.

158. Аттестаттау нәтижелері бойынша жоғары қорытынды көрсеткіштер кезінде (осы Қағидаларға 21-қосымшада белгіленген өлшемшарттарға сәйкес ең жоғары қорытынды баллдар) білім беру ұйымы (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшысының орынбасарлары білім беру ұйымдары (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының кадр резервіне қабылданған сәттен бастап екі жылға қабылданады.

159. Аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатын растай отырып аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

160. "Өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылданған кезде Комиссия үш жұмыс қуні ішінде аттестатталушиның электрондық поштасына немесе аттесталушиның цифрлық профиліне осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссияның барлық мүшелері қол қойған біліктілік санатын беруден (растаудан) бас тарту туралы негізdemемен жазбаша хабарлама жібереді.

161. Комиссия "өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылдаған кезде білім беру үйімі басшысы орынбасарының, әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің бар біліктілік санаты қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі – біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі.

162. Білім беру үйімі (әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары қайта аттестаттаудан осы Қағидаларға сәйкес тиісті деңгейдегі комиссия шешім қабылдаған күннен бастап бір жылдан кейін өтеді.

163. Комиссия қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатын растай отырып аттестатталды;
- өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

164. Қайта аттестаттау кезінде Комиссия "өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылдаған жағдайда, бар біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі.

165. Аттестатталуши комиссияның шешімімен басшының цифрлық профилінде танысады.

166. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған оның отырысына қатысқан Комиссия хатшысы мен мүшелері қол қояды және басшының цифрлық профилінде жарияланады.

167. "Өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылданған кезде Комиссия үш жұмыс қуні ішінде қабылданған шешімнің негізdemесі бар, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссияның барлық мүшелері қол қойған жазбаша хабарламаны аттестатталушиның электрондық поштасына немесе басшының цифрлық профиліне жібереді.

168. Аттестатталуши Комиссия шешімімен танысады.

169. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталушылардың аттестаттау параптарына енгізіледі.

170. Аттестаттаудан өткен аттестатталушының аттестаттау парагы жеке іс парағында немесе цифрлық профилінде сақталады. Комиссияның шешімі аттестатталушының қызметтік тізіміне енгізіледі.

171. Комиссия шешімі аттестаттаушы органның бұйрығымен ресімделеді.

